



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің ректоры
Ж.Темирбекова
2021 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ

ЖН – СМЖ - 018 - 2021

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ НЕГІЗДЕРІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Шаруашылық департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Шаруашылық департаментінің директоры Е.Қалыбаев
 - Электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.Бурханов
 - Подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы м.а. С.Қалдыбаев
 - Электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы Н.Мүлкібаев
3. Келісілді
 - Шаруашылық мәселелер вице-ректоры Н.Батырбаев
 - Заң бөлімінің басшысы Ғ.Мұсаханов
 - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2021 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2023 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 2 –ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы жұмыс нұсқауы Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ инженер-техникалық құрылымдармен қолданылады және СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

1.2 Жұмыс нұсқауы талаптары бойынша уақытша жұмыс істейтін құрылым қызметкерлеріне (ынталы топтар, техникалық құралдары пайдаланылатын топтарға т.с.с.) және уақытша жұмысқа орналасқандар үшін тарамайды.

2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Осы жұмыс нұсқауы келесі нормативті құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексі»;
- ХС ИСО 9001:2015
- ҚР СТ 1158-2002
- инженерлі-техникалық нормативтер.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы процедурада келесі терминдер мен қысқартулар қолданылған:

ҚР – Қазақстан Республикасы;

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

СНжЕ – Санитарлық норма және ережесі;

ОЖТ – Оңтүстік Жарық Транзит;

КСГ – Казсбытгрупп;

ПС – Подстанция.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ НЕГІЗДЕРІ

4.1.1 Университет электр энергиясын «ОЖТ» ЖШС-гі жүйесінен және «КСГ» ЖШС-гі мекемесімен екі жақты келісіммен әр жылдың басында ГОСТ № 13109-97 бойынша келісім шартқа отырады. Жауаптылар – Вице-ректор, электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасының басшысы, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы, Электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы (сурет – 1-5).

4.1.2 Келісім шартта көрсетілген баптар, тармақтары, көлемдері және басқа да талаптармен жұмыс жасалады.

4.1.3 Университет «ОЖТ» ЖШС-нің электр жүйесімен және «КСГ» ЖШС-мен белгіленген тарифі бойынша электр қуатын сатып алады.

4.1.4 Электр энергия университет балансындағы жоғарғы кернеулі ВЛ-10 кВ-тық жүйелермен беріліп, әр ғимараттар мен басқа да нысаналарға жоба бойынша жасалынған трансформатор подстанциясымен (қуаты белгіленген) түрлендіру арқылы беріліп отырады.

4.1.5 Трансформатор подстанциясымен түрлендіру арқылы шыққан кіші кернеуден тұтынушыларға тарайды.

4.1.6 Подстанцияларға, ғимараттар және басқа да нысаналардағы электр жүйелеріне, қондырғыларына лабораториялық сынақ жасалынып, хаттама жазылып, қорытындысы беріледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-018-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 3 –ші беті

4.1.7 Ғимараттар мен басқа да нысаналарға келіп жатқан электр қуатына анализ (форма) жасалып, айына бір рет - шаруашылық департаменті директорына және бухгалтерияға тапсырылады.

4.1.8 Университет жүйесіне пайдаланылатын басқа да тұтынушыларға (коттедждер, арендаторлар, басқа да объектілер) техникалық талаптар қойылады. Олармен келісім шартқа отырады, талаптардың орындалуы бақыланады. Университетпен есеп-айырысу үшін бухгалтерияға қажетті актілер беріледі.

4.1.9 Ғимараттар мен нысаналарда электр жүйелері, қондырғылары, электр желілері, жобалау сметалық құжаттары СНЖЕ (СНиП) бойынша жасалынған.

4.1.10 Қамтамасыз етілетін баланстағы подстанциялар, КТП-лер, жоғарғы кернеулі және кіші кернеулі жүйелерді 1 жылда бір рет күрделі жөндеуден өткізіледі.

4.1.11 Жылдың басында жоспар құрылып жылдың аяғына дейін орындалуына мерзімдер қойылады. Әр мерзімдерде атқарылатын жұмыстардың бітуіне қаржы жағынан себеп болып отырады. Жауапты: қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры.

4.1.12 Жылдың арасында ағымдағы жұмыстар шығады. Бұл жұмыстарға ақау актілері жазылып, комиссия құрылады.

4.1.13 Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға “Қызметтік хат” жазылып, қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректорынан рұқсат алынады. Жауапты: қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры.

4.1.14 Қызметтік хатқа рұқсат алынған соң жабдықтау бөліміне тапсырылады. Жабдықтаушылар заттарды әкеліп қоймаға түсіреді. Қоймадан зат накладной арқылы жаздырылып алынады. Заттарды пайдаланған соң, қойылу актісі жазылып, комиссия құрамымен расталады. Жауаптылар – электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасының басшысы, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы, электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы.

4.1.15 Қоймаға түскен заттардың стандартқа сай болуы және сертификаттары талап етіледі. Жауаптылар: жабдықтаушы, қоймашы.

4.2 УНИВЕРСИТЕТ ЭЛЕКТРИК МАМАНДАРЫНЫҢ ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НЕГІЗДЕРІ

4.2.1 Электрик мамандары тікелей электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасы басшысының, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімі басшысының, электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімі басшысының қарамағында жұмыс атқарады.

4.2.2 Электрик мамандары 1 жылда бір рет аттестациядан өткізіледі. Аттестацияда техниканы пайдалану (ПТЭ), техника қауіпсіздігі (ПТБ) ережелері бойынша емтихан тапсырады біліміне қарай дәреже (группа) беріледі. (I-V дәрежеге дейін).

4.2.3 Электрик мамандары университет балансындағы барлық жүйелердің және подстанциялардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жауаптылар – электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасының басшысы, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы, электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы.

4.2.4 Жұмыс орнында техника қауіпсіздігі жөнінде әр тоқсан сайын инструктаж өткізіледі. Жауаптылар – еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздігі инженері, электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасының басшысы, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы, электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 4 –ші беті

4.2.5 Жоғарғы кернеулерде жұмыс жасар алдында форма бойынша наряд жазылады. Іс құжат номенклатурасына сәйкес папкілерде сақталады. Жауаптылар – электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасы басшысы, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы, электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы.


4.2.6 Электрик мамандары “тапсырыс” журналында жазылған тапсырмаларды орындайды.

4.2.7 Қыс айларында қазандықтарға және жатақханаларға кезекші электриктер қойылады. Кезекшіліктер журналы арналады. 1 тәулікте болған жағдайлар журналға жазылып отырады.

4.2.8 Электрик мамандары тұтынушылардың электр қуатын дұрыс пайдалануын қамтамасыз етеді. Жауаптылар – электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасы басшысы, подстанция және электр қуатын қадағалау бөлімінің басшысы, электр қондырғылары мен желілерін жөндеу бөлімінің басшысы.


<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖП-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 5-ші беті

Сурет 1 Электр энергиясымен қамтамасыз ету процессі :




<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖН-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 6 –ші беті

Сурет 2 Ақау актісын жасау процессі:




<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖН-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	11 беттің 7-ші беті
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		

Сурет 3 Қызметтік хатпен жұмыс істеу процесі:




<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖН-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 8 –ші беті

Сурет 4 Заттармен жұмыс істеу процесі:



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖН-СМЖ-018-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	11 беттің 9 –ші беті
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		

Сурет 5. Затты алу процесі:



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-СМЖ-018-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Электр энергиясымен жабдықтау негіздері		11 беттің 10-ші беті


КЕЛІСІЛДІ


Шаруашылық мәселелер
вице - ректоры


Заң бөлімінің басшысы


Адам ресурстарын басқару
бөлімінің басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг және
сапа орталығының басшысы


Н. Батырбаев


Ғ. Мұсаханов


Қ. Тубеков


Ж. Дарибаев

